Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Қыркүйек айының-1аптасы**

**Топ:** Орта топ «Балапан»тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Қандай кезеңге жасалды :** 02.09 – 05.09.2025ж
**Апта дәйексөзі «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз –күнің жоқ»**

| Күн тәртібінің үлгісі | Сейсенбі<br>«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Күй күмбірі – мәдениетке баулу жолы. «Жастар биі»** | **Күй күмбірі – ұлттық құндылықты құрметтеуге үйрету. «Қос алқа»** | **Күй күмбірі – баланың жүрегіне ізгілік дарыту. «Балбырауын»** | **Күй күмбірі – адал азамат болып өсуге тәрбиелеу. «Саржайлау»** |
| | Балаларды есік алдында күлімсіреп қарсы алу;<br>Баланың көңіл-күйін бақылау (қуанышты, мазасыз, ұйқышыл т.б.);<br>Баланы шағын топпен ойнауға тарту. | Баланы есімімен атап, құшақтап қарсы алу;<br>Таңғы жылы амандасу ойынын өткізу («Қол алысып, күлімдейміз»);<br>Баланы топ бұрыштарына (кітап, сурет салу, құрастыру) еркін орналастыру;<br>Баланың эмоционалды жағдайына ерекше назар аудару. | Баланы шаттық шеңберіне шақырып, ән айту арқылы қарсы алу;<br>Баланың киімін шешуге көмектесу, тазалыққа баулу;<br>Баланың көңіл-күйін сөзбен білдіруге үйрету («Мен қуаныштымын», «Мен ренжіп тұрмын»);<br>Балаларды достарымен ортақ ойынды бастауға бағыттау. | Баланы көңілді ойынмен қарсы алу («Кім күлімдейді?», «Сәлем, досым!»);<br>Баланың апта бойы жетістігін атап өту (мысалы: «Бүгін сен тез киіндім дедің», «Сен досыңа көмектестің»);<br>Балаларды демалысқа көңілді шығарып салу. |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру. | | | |
| | **Әңгіме:** Тазалық – денсаулық кепілі. Баланың мәдени-гигиеналық дағдылары болашақта оның денсаулығы мен тәртібіне әсер етеді. | **Әңгіме:** Әдептілік – ата-анадан басталады. Бала үлкендерді сыйлауды, сыпайы сөздерді қолдануды отбасынан үйренеді. | **Әңгіме:** Сөйлеу мәдениеті – баланың болашақтағы жетістігінің негізі. Дұрыс сөйлей алған бала өз ойын еркін жеткізеді. | **Әңгіме:** Отбасы – баланың алғашқы мектебі. Отбасында алған тәрбие – оның болашағына іргетас қалайды. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Кеңес:*** *Үйде қолды жуу, тіс тазалау, киімді таза ұстауды балаңызға күнделікті үйретіңіз.* | ***Кеңес:*** *«Рахмет», «өтінемін», «кешір» деген сыпайы сөздерді балаңызға жиі айтуға үйретіңіз.* | ***Кеңес:*** *Балаңызға қысқа тақпақтар мен жаңылтпаштарды үйретіп, оны күнде қайталауға дағдыландырыңыз.* | ***Кеңес:*** *Демалыста балаңызға пайдалы істі бірге жасауды үйретіңіз (мысалы: гүлге су құю, бөлмені жинастыру).* |
| *Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығарма шылық, эксперимента лдық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары)* | ***Картотека № 21*** ***Дид ойын: «Балық аулау»*** ***Мақсаты:*** *сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамиды.* | ***Картотека № 20*** ***Дид ойын: «Орнын тап»*** *Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқып суреттен таба біледі.* | ***Картотека № 17*** ***Дид ойын: «Жеке атауын ата»*** *Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырата біледі.* | ***Картотека № 15*** ***Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?»*** *Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | |
| *Ертеңгілік жаттығу* | *Қыркүйек айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қыркүйек айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қыркүйек айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қыркүйек айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | |
| *Таңғы ас* | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Ас – еңбекпен келген ризық. Оны төкпей-шашпай жеуіміз керек.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде орнымыздан тұрмаймыз, ыдысты* | ***Әңгіме:*** *– Тамақ ішкенде орындықта түзу, әдемі отырайық. Арқамызды тік ұстасақ, ыдыс та төгілмейді.* ***Қауіпсіздік:*** | ***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде қасықты оң қолымызға ұстаймыз. Сонда тамақты төкпей, әдемі жейміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасықты бұлғап* | ***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде қатты сөйлемейміз. Әдепті бала дастарқан басында тыныш отырады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ауызымызда ас болғанда* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *қолымыздан түсіріп алмау үшін дұрыс ұстаймыз.* | *– Қисайып отырсақ, ыстық тамақ төгіліп кетуі мүмкін.* | *ойнамаймыз, ол қасымыздағы балаға тиіп кетуі мүмкін.* | *сөйлесек, қақалып қалуымыз мүмкін.* |
| *Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)* | ***«Балалар кітапханасы»-жобасы аясында, тілдік мәдениетті дамыту.*** | | | |
| | ***«Шабыт» жобасы*** <br> ***Ойын: «Әннен әуен»*** <br> *Тәрбиеші: «Мен ән бастаймын, сендер жалғастырыңдар» – деп қарапайым балалар әнінен жол айтады.* <br> *Балалар әнді бірге айтады.* <br> *Мағынасы: шығармашылыққа, өнерге баулу.* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы*** <br> ***Ойын: «Кімге көмектесеміз?»*** <br> *Тәрбиеші: «Ана үстелді жинап жатыр, әжесі жіп иіріп отыр. Сен не істейсің?»* <br> *Балалар: «Көмектесемін», «Жинап беремін».* <br> *Мағынасы: еңбектің мәнін түсіндіру.* | ***«Смарт бала» жобасы*** <br> ***Ойын: «Жоғалған зат»*** <br> *Тәрбиеші үстелге бірнеше зат қояды (доп, қасық, кітап). Біреуін жасырады.* <br> *Балалар: «Доп жоқ», «Қасық жоқ» деп табады.* <br> *Мағынасы: есте сақтау, байқағыштықты дамыту.* | ***«Ұшқыр ой алаңы» жобасы*** <br> ***Ойын: «Сөйлемді жалғастыр»*** <br> *Тәрбиеші: «Аспанда ...»* <br> *Балалар: «күн бар», «бұлт бар», «жұлдыз бар».* <br> *Мағынасы: сөйлемді толық құрастыру.* |
| *Кестеге сәйкес ҰІӘ* | *Қамқор жобасы бағытында ұіә* | | | |
| | ***Ойын бұрышына саяхат*** <br> ***Тосын сәт.*** <br> *Айгүл қуыршақ келеді. Балалардан ойыншықтар туралы оның неден,қалай жасалатынын білгісі келетіні айтады.* <br> ***Ойыншықтар арқылы топқа бөлу.*** <br> ***1-Топ Жұмсақ ойыншықтар*** <br> ***2-- топ Пластмасса ойыншықтар*** <br> ***3- топ Резеңке ойыншықтар*** <br> ***Топтық жұмыс.*** <br> *Ойыншықтарды* | ***Психологиялық жаттығу. «Күлкі сыйла»*** <br> *Мен сенің досыңмын, ал сен менің досымсың.* <br> *Қолды мықтап ұстайық* <br> *Күлкіден мейрім шашайық* <br> *- Жарайсыңдар, Бір-бірімізге күлкі сыйладық.* <br> ***Сұрақтар ілмегі.*** <br> *-Балалар, сендер күнде қайда келесіңдер?* <br> *-Ертеңгісін балабақшаға келгенде достарымызға не дейміз?* <br> *Жарайсыңдар балалар.* | ***«Менің сүйікті балабақшам»*** <br> *Бір күні Айсұлу балабақшаға келе жатып, жолда ойға батты:* <br> *— Мен неге балабақшаны жақсы көремін екен?* <br> *Ол есіктен кіре бергенде, достары күлімдеп қарсы алды. Бірі ойыншық қуыршағын көрсетіп, бірі суретін көрсетіп мақтанды. Айсұлу қуанып кетті:* <br> *— Достарым осында, біз* | ***Қызығушылықтарын ояту.*** <br> *Тосын сәт: Аудио дыбыс.Балалардан көмек сұрайды.* <br> *Мен ойыншықтар сатып алғым келеді, ал маған сатушы тапсырма беріп тұр.* <br> *Тапсырмаларды орындаса ойыншық дүкеніне кіргізетінін айтады.* <br> ***Дид ойын: «Сайқымазаққа көмек»*** <br> ***1-тапсырма. Дьенеш блоктары.*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *сипаттау.Әр топ балалары өздерінің қолындағы ойыншықтарды сипаттап айтып береді.*<br>***3- топқа тапсырма.***<br>*Шығармашылық орталығында жұмыс жасау.*<br>*1-Топ Ермексаздан доп жасау.*<br>*2- топ Бояумен аю ойыншығын бояу.*<br>*3- топ Суреттегі жұмсақ ойыншықтарды қиып жапсыру.*<br>*Балалардың жұмысын бақылау.Мадақтау.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Сағаттың тіліндей иіліп, солға бір,*<br>*Сағаттың тіліндей иіліп, оңға бір.*<br>*Оң аяқ, сол аяқ – жаттығу оңай-ақ.*<br>*Оңға, оңға түзу тұр,*<br>*Солға, солға түзу тұр,*<br>*Алға қарай бір адым,*<br>*Артқа қарай бір адым,*<br>*Жоғары төмен қарайық,*<br>*Орнымызды табайық,*<br>*Алақанды ұрайық.*<br>*Айгүл қуыршақ балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>***Миға шабул*** | *Балабақшада сендер не істейсіңдер?*<br>*Балалардың жауаптарын тыңдау.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Қызыл телпек келеді.*<br>***Ойын:***«*Сиқырлы гүлдер*»<br>*Мен өзімнің қызыл телпекшемді қай баланың басына кигізсем сол бала сұраққа жауап береді.*<br>*-Балабақшада сен немен ойнағанды ұнатасың?*<br>*-Саған балабақшаның қандай тамағы ұнайды?*<br>*-Сенің балабақшаң қалай аталады?*<br>*-Балабақшаға деген жақсы тілектер айта аласыңба?*<br>*Балалар сұраққа қызыға жауап береді.*<br>***Дидактикалықойын:***<br>*«Балабақша қызметкерлерін тауып айт»*<br>*Шарты: Көп суреттің ішінен балабақша қызметкерлерін табуы керек*<br>***Сергітусәті.***<br>***Бір қадам әдісі*** .<br>*Балабақша есігін*<br>*Үшке толып ашқанбыз* | *бірге ойнаймыз, бірге ән айтамыз, бірге билейміз!*<br>*Сол кезде тәрбиеші апай келіп:*<br>*— Балалар, бүгін біз табиғатты қорғаймыз. Әрқайсымыз бақшадағы гүлдерге су құямыз, құстарға жем саламыз, — деді.*<br>*Балалар қуанып кетті. Әркім кішкентай шелегін алып, гүлдерге су құйды. Біреуі құстарға дән шашты. Айсұлу қолындағы суын төгіп алған еді, бірақ досы Нұрсұлтан оған суын бөліп берді.*<br>*Тәрбиеші апай жымиып:*<br>*— Міне, нағыз достық деген осы! Бір-бірімізге көмектесіп, табиғатты да қорғап жүрміз. Балабақша — біздің екінші үйіміз. Үйді сүйген бала ешқашан ұқыпсыз болмайды, — деді.*<br>*Сол күннен бастап Айсұлу балабақшаға барған сайын қуанып, достарына көмектесуді әдетке айналдырды.* | *Мына Дьенеш блоктарын қағаз бетіндегі геометриялық фигураларға орналастырындар.*<br>*-мына қағазда қандай геометриялық фигурадан тұратын пішіндер бар, алдымен қарап, атап көрелік.*<br>*-түстері қандай?*<br>*-Қалың ба жұқа ма?*<br>*Тапсырманы орындау*<br>***2-тапсырма***<br>*Текшелермен жұмыс.*<br>*– Бұл не?*<br>*– Қандай түсті текше? – Қай текше үлкен?*<br>*– Қай текше кіші?*<br>*(Осыны айта отырып текшелерді бірінің үстіне бірін қояды.)*<br>*Текшелерді салыстырады**3-тапсырма***<br>*Дид ойын: «Ойыншықтар пішінге ұқсайды?»*<br>*Тапсырмаларды суретке түсіріп жіберу.*<br>*Аудио. Алақай рақмет балалар, мен ойыншық дүкеніне кірдім.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Тік ұста бойыңды,*<br>*Жоғары соз қолыңды.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Жұмбақ жасыру.**<br>1. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>(Ыдыс-аяқ)<br>2. Аяғы бар жүрмейді<br>Ауызы бар күлмейді,<br>Айнымайды бөпемнен,<br>Тек сөйлеуді білмейді.<br>(Қуыршақ)<br>2. Суға салсаң батпайды,<br>Ыршып жерге жатпайды.<br>(Доп)<br>Балалар, қуыршақ, доп, ыдыс-аяқ бір сөзбен қалай атауға болады? (Ойыншық).<br>-Не үшін керек бұл заттар?<br>**Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Ойыншықтар»** өлеңімен танысып, жаттау.<br>**Ойыншықтар**<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау, қозы, құлыншақ.<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Ақыл айтсақ, бұйырсақ,<br>Қуыршақтар ұйықтайды.<br>Айтқаныңнан шықпайды.<br>Бұзау, қозы құлыншақ.<br>«Ұйықта» десең, ұқпайды.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы: Менің** | Мәпелейді бақшамыз<br>Бұл екінші үйіміз<br>Бір туғанбыз бәріміз<br>Біз осы үйдің гүліміз<br>Біз осы үйдің сәніміз.<br>**Қорытынды.**<br>Қызыл телпек балаларды мадақтап қоштасады.<br>**«Бүлдіршіннің арманы» әні**<br>АКТ дан бірге қарап қайталау.<br>**3 шапалақ әдісі** арқылы қорытындылау.<br>**Менің сүйікті бұрышым**<br>Шығармашылық бұрыш.<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ:**Балабақша макетін құрастыру<br>**2-топ:** Дайын спорт залдың суретінедене шынықтыру заттарын жапсыру.<br>**3- топ:**Дайын үлгідегі суреттерден,ұнаған музыкалық аспаптарын бояу.<br>**4- топ:** Асхана заттарын мүсіндеу.<br><br>**Балабақша**<br>**Абдрахман Асылбек**<br>Оянамыз таң нұрымен, | **Ойын: «Бірге көмектесейік»**<br>**Мақсаты:** Балалардың бір-біріне көмектесуге, топта бірге жұмыс істеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші үстелге ойыншықтарды шашып қояды.<br>Балаларға тапсырма беріледі: ойыншықтарды түріне қарай жинау (қуыршақтарды бөлек, машиналарды бөлек, кубиктерді бөлек).<br>Жинап болған соң, балалар бірге мақталады: «Біз бірге істедік!».<br>**Тәрбиелік мәні:** Бірлесіп жұмыс істеу, ұйымшылдық, жауапкершілікті дамыту.<br><br>**Ойын: «Балабақша бөлмелерін табайық»**<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтауын, ойлауын, бағдарлауын дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші суреттер көрсетеді: асхана, ойын | Соз қолыңды тағы да,<br>Жеткіз жираф мойына.<br>Қызығушылықты ояту.<br>Аудио дыбыс: Балалар мен коробкамен ойыншықтар алдым, бірақ мен оны құрастыруды ештеңе білмеймін.<br>Балалар Сайқымазаққа көмектесеміз бе?<br>**Ойыншығым құрастырғыш,**<br>**Көрсетеді көмегін.**<br>**Кімге көлік, кімге үй,**<br>**Құрастырам керегін**<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ:** Машина ойыншығын құрастыру.<br>**2-топ:** Үй суретін салу<br>**3-топ:**Допты мүсіндеу<br>**4-топ:** Пирамида жапсыру.<br>Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін әр топқа түсіндіру<br>Жасаған жұмысты суретке түсіріп жібереміз<br>Шапалақ арқылы қортындылау.<br>**Ойыншықтарым көп менің,**<br>**Бәрін жақсы көремін.**<br>**Кешке дейін жалықпай,**<br>**Бірге ойнап жүремін.** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***балабақшам***<br>***1 Психологиялық сәт.***<br>*Күлім қағып қолымды,*<br>*«Бір, екі, үш» деп соғайын.*<br>*Қарап тұрған көршіме,*<br>*Қолымды мен бұлғайын.*<br>*Жылы-жылы сөзбенен,*<br>*Жүрегімді сыйлайын.*<br>*Сұрақ- жауап*<br>*Қазір қандай мезгіл?*<br>*Балабқшаға қалай келдіңдер?*<br>***Топқа бөлу әдісі.***<br>*Суреттер арқылы топқа бөлу.*<br>*1-топ Тәрбиешлер тобы*<br>*2-топ Дәрігерлер тобы.*<br>***3. АКТ мен жұмыс.***<br>*Ал, балалар, енді слайдтағы суретке қараңдаршы.*<br>*1-топ Тәрбиешлер тобы сұрақ:*<br>*-Балалар балабақша дегеніміз не?*<br>*-Балабақшамыздың аты қалай аталады?*<br>*-Балабақшада біз не істейміз?*<br>*2-топ Дарігерлер тобына сұрақ:*<br>*-балабақшада кімдер жұмыс жасайды?*<br>*-Аспазшы апайдың қызметі қандай?* | *Аттанамыз бақшаға.*<br>*Қарсы алады ән-жырымен*<br>*Бақшамызда жақсы ана.*<br><br>***Сюжеттік рольдік ойындар бұрышы. Асхана, дәрігер, шаштараз***<br>*Балаларды бақылау.*<br>***Мақсаты:*** *ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру.*<br><br>***Денешынықтыиру***<br>***Сапқа бір қатармен тұру***<br>*Сапқа бір-бірлеп тұру ұсынылады.*<br>*Сапқа тұру ережесін түсіндіреді.*<br>*Сапқа бойдың ұзындығы бойынша тұратынын, яғни алдымен ең ұзыны, содан кейін сәл қысқалары, ең соңында бойы ең қысқасы тұратынын еске салады.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***Жалаушамен***<br>***Б.қ.: «Желбірейді жалау»*** | *бөлмесі, ұйықтайтын бөлме, музыка залы, спорт залы.*<br>*Балалар суретті көріп, қай бөлме екенін айтады және ол жерде не істейтінін сипаттайды.*<br>*Мысалы: «Бұл – асхана. Біз мұнда тамақ ішеміз».*<br>*Кейін балаларға «Жоғалған бөлмелерді» табу ойыны ойнатылады (тәрбиеші суретті жасырады).*<br>***Тәрбиелік мәні:*** *Балалар балабақшадағы тәртіпті, ережені таниды, ой-есте сақтау қабілеті артады.*<br><br>***Ойын: «Менің сүйікті балабақшам»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың қиялын ояту, түстерді ажырата білуін және сөздік қорын дамыту.*<br>***Ойын барысы:***<br>*Тәрбиеші балаларға алдын-ала дайындалған суреттер таратады (балабақша ғимараты, ойын алаңы, гүлдер, ойыншықтар, балалар мен тәрбиешінің суреті — қарапайым* | ***Музыка***<br>***Тақырыбы: Менің балабақшам***<br>***«Біздің балабақша»*** *(Б.Қыдырбаева, М. Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алу.*<br>*Қанша бала, қанша қыз,*<br>*Бір шоқ гүлміз баршамыз.*<br>*Ойын-күлкі ордасы*<br>*Біздің балабақшамыз!*<br>*Педагог өлеңдерді айтып беріп, балаларға «Тату достар» (И. Штраус) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді үйрету*<br>***Сұрақ - жауап***<br>*-Балабақша туралы қандай тақпақ өлең білесіңдер?*<br>*-Балабақшада не үйренесіңдер?*<br>*Сұрақтар қою арқылы балабақша туралы әңгімелесу.****Ой дамыту.***<br>***Дауыс жаттығуы****: «****Әлди әлди»***<br>*Дикцияның анық айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелете » айту әдісімен жаттықтыру*<br>***Ой қозғау.*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *- Дәрігер апайдың қызметі қандай?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Жұлдызша тарату.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Қуыршақтар келеді.*<br>*Балалар,қарандаршы қонаққа бізге кім келді?*<br>*Бірақ олар көңілсіз көрініп тұр.Оларға не болғанын сұрайық?*<br>***Қуыршақтар:*** *Біз қашанға дейін сөреде отыра береміз?*<br>*Ойнағыларымыз келеді, балабақшаға барғымыз келеді, бірақ балабақша не екенін де білмейміз.*<br>*-Сендер балабақшада не істейсіңдер?*<br>*-Ал сендерге балабақшаға баруға ұнайды ма?*<br>*-Балалар апайлар сендерді неге үйретеді?*<br>*Мадақтау. Ж жұлдызша тарату.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Қолды белге қояйық*<br>*Аяқ пенен қолдарды*<br>*Біз жаттықтырып алайық*<br>*Бұрыламыз оңға бір,*<br>*Бұрыламыз солға бір,*<br>*Енді бірге бәріміз* | **1.** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /4-5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Әткеншек»***<br>**2.** *Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/*<br>***Б.қ.: «Кім жылдам»***<br>**3.** *Аяқтарын алшық қою, отыру жалаушаны алға созу,тұру жоғары көтеру.*<br>***Б.қ.: «Көңілді жалауша»***<br>**4.** *Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп,секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Көкек» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды белге қояды, демді ішке біртіндеп тартады, «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді*<br>*Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен* | *контур түрінде).*<br>*Балалар түрлі-түсті қарындашпен немесе бояумен дайын суреттерді бояйды.*<br>*Бояп болған соң тәрбиеші әр баладан сұрайды:*<br>*«Сен қандай түспен боядың?»*<br>*«Бұл кім?», «Бұл қай жер?»*<br>*Балалар қысқа жауап береді: «Бұл менің досым», «Бұл біздің балабақшамыз», «Бұл апай».*<br>***Тәрбиелік мәні:***<br>*Балалар түстерді ажыратып үйренеді;*<br>*Өз ортасы туралы қарапайым ой айта бастайды;*<br>*Балабақшаны жақсы көріп, өз үйіндей қабылдауға тәрбиеленеді.*<br><br>***Ұ.О «Қыз қуу»***<br>***Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептелікке баулу.***<br>***Керек құралдар: қамшы, аттың макеті.***<br>***Шарты: Ойынға қыз бен*** | *Аяғы бар, жүрмейді,*<br>*Аузы бар, күлмейді.*<br>*Айнымайды бөпемнен,*<br>*Тек сөйлеуді білмейді. Бұл не?*<br>***Музыка тыңдау: «Қуыршақ мұңы»*** *(Б.Жүсібәлиев) әуені тыңдау.*<br>*Әуенді тыңдап, сипаты туралы , қуыршақтары туралы әңгімелеп берулерін сұрайды..*<br>*Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды.*<br>*Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.*<br>*Өз балабақшасы, достары туралыәңгімелейді.*<br><br>***Қуыршақпен би.***<br>*Қуыршақтарды ұстап, би қимылдарын бірге мәнерлеп орындайды.*<br>*«Қуыршақ мұны» -мұңды жабырқау. Әуенді тыңдап,сезінеді, мағынасын түсінеді,*<br>***Ұ.О «Түйілген орамал»***<br>***Мақсаты: Балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттырып, тіл ұстарту мақсатында*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Орнымызға отырамыз.*<br>***Қуыршақтар****: Қорапшаны шашып алып балалардан көмек сұрайды.*<br>*Балалар мына құралдарды ажыратып жинауға көмектесіңдерші, қандай құралдар.*<br>***Дид ойын: «Құралдарды ажырат»***<br>***Шарты:*** *балалар қорапшадаға заттарды алып, аттарын айтады. Аспазшы және медбикенің құралдарын ажыратып реттеп қояды.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Жұлдызша тарату.*<br><br>***Ұ.О «Ақсерек-көксерек»***<br>***Мақсаты: Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін***<br>***намыстанып, женіске талпынуға үйренеді.***<br>***Барысы: Балалар екі топқа бөлініп, араларын жиырма қадамдай ашып, тізіліп, қол ұстасып тұрады*** | *жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.*<br>***Қимыл-қозғалыс жаттығулары.***<br>*-Доға астынан еңбектеп өту*<br>***Қимылды ойын****: « Құстар жем жейді»*<br>*Шарты : құстардың қимылын салып көрсетеді.*<br><br>***Ұ.О «Тақия тастамақ»***<br>***Мақсаты: Балаларды затты сезінуге үйрету. Жан-жақты дамыту, шапшандыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу.***<br>***Керек құрал: тақия***<br>***Барысы: Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шенбер жасап отырады.***<br>\ | ***жігіт қатысады.***<br>***Екеуі де атпен шауып келеді.***<br>***Жігіт атпен қыздың артынан қуады.*** | ***ойлау, түсіну, есте сақтау, жаттап алу қабілеттерін жетілдіру.***<br><br>***(Бағдарлама) «Аспан әлемі»*** |
| *Серуенге* | ***Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.*** | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *дайындық* | ***Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | |
| | *Бас киім, шарфтың қажет екенін түсіндіру;*<br>*Қауіпсіздік: тәрбиешіден алыс кетпеу.* | *Аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру;*<br>*Қауіпсіздік: тасты қолына алмау.* | *Шалбарын, күртесін өз бетінше киюге баулу;*<br>*Қауіпсіздік: бір-бірін итермеу.* | *Түймелерін қадап үйрету;*<br>*Қауіпсіздік: тайғақ жерде жүгірмеу.* |
| *Серуен* | ***Картотека № 11***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*ауа- райын бақылау* | ***Картотека №12***<br>*Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау* | ***Картотека №13***<br>*Аула маңындағы көліктерді бақылау* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Күз серуен картотекасынан*** | | | |
| *Серуеннен оралу* | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | |
| | ***Киімдерін шешу:***<br>*Әр бала киімін реттілікпен шешіп, сөресіне қоюға дағдылану.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жақсылап сабындап жуу, сүлгісін дұрыс қолдану.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Суды шашпай, әдептілікпен жуыну.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды үстел басына жинақылықпен отырғызу.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін шешкен соң ұқыптап бүктеп, орнына қоюды үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын екі рет сабындап жууға дағдыландыру.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде шуламай, тәртіп сақтауды ескерту.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Қол жуған соң асханаға дайын болу.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балаларға аяқ киімдерін дұрыс шешіп, орнына қоюды үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жуған соң сүлгісін іліп қоюды талап ету.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен ойнамай, тек қолды шаюды еске салу.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды таза қолмен асқа шақыру.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін шешіп болған соң, сөресінде жинақы ұстауға баулу.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін дұрыс қолдануды үйрету.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде сумен ойнамауды ескерту.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Қолдарын жуып, үстел басына жайғасу.* |
| *Түскі ас* | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Дастарқан басында әркім өз орнында отырады. Басқаларға итермей, кедергі жасамаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Нанды жерге тастамаймыз, үгіндісін де жинаймыз. Нан – берекенің белгісі.* | ***Әңгіме:***<br>*– Суды да, асты да үнемдеген бала – ұқыпты бала. Ұқыптылық – жақсы әдет.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішіп болған соң «Рахмет!» айту – әдептіліктің белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Қауіпсіздік:***<br>*– Қолымызды созып, басқаның ыдысына қол салмаймыз.* | ***Қауіпсіздік:***<br>*– Нанмен ойнамаймыз, үстелге лақтырмаймыз.* | ***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық асты асықпай жейміз, күйіп қалмау үшін абайлаймыз.* | *– Ас ішіп отырған кезде орындықтан секірмейміз, абайлап тұрамыз.* |
| *Күндізгі ұйқы* | *Киімдерін ұқыпты шешіп, орындыққа қоюды қайталау;*<br>*Жастық пен көрпесін дұрыстап, төсекке жатуды ынталандыру;*<br>*Ұйықтар алдында бөлмеде жайлы орта құру;*<br>*Балаларға төсегін өзі дайындап, жатуға кеңес беру.* | *Балаларды киімдерін шешіп, бүктеп қоюға дағдыландыру;*<br>*Төсегін ашып, көрпесін жамылып жатуды үйрету;*<br>*Бөлмеде тыныштық сақтап, ұйықтауға жағдай жасау;*<br>*Балаларға төсекке дұрыс жатуды ескерту.* | *Киімдерін жинақы шешуді қайталау;*<br>*Өз төсегін ашып, жастығын түзеп жатуға үйрету;*<br>*Жарықты бәсеңдетіп, бөлмеде тыныштық орнату;*<br>*Балаларға ұқыпты жатып, құйқтауға дайындалуды айту.* | *Киімдерін шешіп, ұқыптап жинауды пысықтау;*<br>*Төсегін өзі ашып, ыңғайланып жатуды үйрету;*<br>*Жағымды жағдай қалыптастырып, тыныштық орнату;*<br>*Балаларға төсекке жатып, көзін жұмуды еске салу.* |
| *Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* | ***№15. 1.Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге,*<br>*арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайық.* | ***№13. 1.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№ 12. 1. Ояну***<br>*Күнге қарап күлімдеп*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Бойды түзе, көтер басты*<br>*Сергіп ұйқы ашамыз* |
| | ***Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.***<br>***«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.***<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | |
| *Бесін ас* | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.* | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Жеміс-жидек пен көкөністе дәрумендер бар. Олар бізді ауырмай, сау жүруге көмектеседі.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде өзімізге жететіндей ғана алайық. Артық алып, қалдырып қою – ысырап.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ыдысты дұрыс ұстасақ, тамақ төгілмейді. Ыдысқа асымызды абайлап саламыз.*<br>***Қауіпсіздік:*** | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкен бала күшті, сергек болады. Ас – денсаулықтың қайнары.*<br>***Қауіпсіздік:*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Қауіпсіздік:***<br>*– Жемісті асықпай, майдалап шайнаймыз.* | ***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде асықпай шайнаймыз, асығып жеген дұрыс емес.* | *– Ыдысты ойыншық қылмаймыз, қолымыздан түсіріп алмау үшін дұрыс ұстаймыз.* | *– Ыстық асқа үрлеп ішеміз, күйіп қалмау үшін.* |
| *Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)* | ***Дид ойын: «Көп және біреу»***<br>*Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынас-тарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.*<br>***Тәжірибе: «Кішкентай ғалымдар»***<br>*Үлкендеутабақшаға су құйып, оғандоптарды салу арқылыдоптардыңжеңілек енінбалаларғакөрсетіп, түсіндіру.*<br>***Сұрақ-жауап:****Балалар доп жеңілме ауырма, жәнесуғабатама, батпай ма? Осыны біліп көру үшін қазір біз сендермен тәжірибе жасаймыз: допты суға салайық. Қане, қараңдаршыдопсуға батама, жоқ па? Батпайдыекен. Қалайойлайсыңдар неге, батпайды? Балаларқараңдаршыдоп су бетіндежеңілмеәлдеауырм* | ***Дәстүрден тыс сурет салу***<br>***Тосын сәт.***<br>***«Торғайға көмек»***<br>*Торғай ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды. Досым жоқ. Маған дос торғайлар керек дейді. Көмектесеміз бе?*<br>***Торғайға көмек***<br>*Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Трафаретпен жұмыс жасауды түсіндіру. Балалардың өз бетінше жұмысы. Бақылау.*<br>***Өрт қауіпсіздігі «Викториналық карточка»***<br>***Мақсаты: Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін бекіту. Есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.*** | ***Шығармашылық орталық***<br>***Дид ойын: «Ағаштан жасалған заттарды ата»***<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>***1-топ:****Жатын бөледегі кроватты мүсіндеу.*<br>***2-Топ:*** *Үш аюдың ыдысын жапсыру.*<br>***3-Топ:*** *Ағаштарды бастыру әдісі арқылы салу.*<br>***4-топ:*** *Қиынды суреттерден ағаштан жасалған заттарды құрастыру*<br>*Еркін ойын*<br>*Жанама бақылау.*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім. Амандасу***<br>*Педагог: Біздің қуыршақтар Дене тәрбиесімен шұғылданбақшы, бірақ олар қалай айналысу керектігін білмейді. Кәне, біз оларды үйретейікші.Әрқайсысың өзіңе ұнаған қуыршақтың қасына барып тұрыңдар. Қуыршақтарды алып серуендеп қайтайық.* | ***. «Ненің баласы?» Мақсаты:***<br>*Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.*<br>***Шығармашылық.***<br>***Дид ойын: «Төлдерге қора жасаймыз»***<br>*Шарты: Ермексаздан созу тәсілі арқылы қора жасау*<br><br>***Қауіпсіздік ережесі «Жедел жәрдем»***<br>***Мақсаты. Қажет болса, балаларды жедел медициналық көмекке 03-те қоңырау шалуға үйретіңіз.*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *а?*<br>*Балалар: Жеңіл*<br>***Қортынды:****Доп су бетіндежеңілболады. Ішінеауатолтырылған.Сондықтанолұрсаңсекіреді,тепсеңқашады.*<br><br>***Жол қауіпсіздігі***<br>***«Қандай белгіні тап?»***<br>***Міндеттері: Балаларға жол белгілерін ажырата білуге үйрету, балалардың жол ережелері туралы білімдерін бекіту; алған білімдерін күнделікті өмірде өз бетінше пайдалану қабілеттерін дамыту*** | | *Қуыршақтарды «үйшіктеріне» апарыңдар.*<br>*Енді өздерің серуендеп келіңдер.*<br>*Өз қуыршақтарыңа барыңдар.*<br>*Сендердің қалай жүгіретіндеріңді қуыршақтарың көрсін.*<br>***Негізгі бөлім***<br>***Қуыршақтармен бірге жалпы дамыту жаттығулары.***<br>***«Қуыршақтарды алып, шеңбер бойына тұрыңдар».***<br>*1.Қуыршақты жоғары көтереміз, сосын төментүсіреміз.*<br>*Орындауы: ойыншықты оған қарап тұрып жоғары көтеру. (3-4 рет қайталау)*<br>***2.Қуыршақты еденге отырғызып, оның көзіне қараймыз.***<br>*Орындауы: иілу және отыру – әрқайсысы әртүрлі орындауы мүмкін. (3-4 рет қайталау)*<br>***3.Қуыршақпен жасырынбақ ойнайық.***<br>*Етпетінен жатып қуыршаққа қарау,бетін алақанымен жасыру «ішпен жатып, иықпен тіреп басын* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | *сәл көтеру, иіліп «жасырыну».*<br>*(3- 4 рет қайталау).*<br>***4.Қуыршақпен билейік.***<br>*Қуыршақты қолға алып, әркім өз әлінше бір орында би қимылдарын жасау. (15–20 секқайталау)*<br>*Қимылдың негізгі түрлері:*<br>*Қолға  қуыршақты ұстап, екі жіп арасымен түзу жүру.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күлше нан»***<br>*Қуыршақтарды үлкен шеңбер бойымен отырғызуды ұсынады (үлкен шеңбер залдың ортасында).*<br>*Қуыршақтардың туған күнін атап өту үшін «Күлше нан» ойынын ойнаймыз.*<br>*Бәріміз бір- біріміздің қолымыздан ұстаймыз.*<br>***Туған күнді тойлауға***<br>***Пісірдік біз күлше нан.***<br>***Иісі қандай дәмді, Өзі қандай сәнді.***<br>***Қызарып піскен күлше нан,***<br>***Қазаннан түскен күлше нан.***<br>***Күлше нан, бұрыл солға,***<br>***Күлше нан, бұрыл оңға,***<br>***Жан-жағыңа қара да,***<br>***Қуыршақты таңда.***<br>*(Өз қуыршақтарын алып,* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | *әркім өз әлінше би қимылдарын жасайды. 2 рет қайталайды). Қуыршақтар шаршады, енді оларды мәшинемен үйлеріне апарып салайық.*<br>*«Мәшине» әнінің ырғағымен бәріміз үйге қайтайық.*<br>*Мәшине, мәшине келе жатыр,*<br>*Ішінде, ішінде шопыр отыр.*<br>*Би-би-би! Би-би-би!* | |
| *Балалармен жеке жұмыс* | ***«Сиқырлы айна»***<br>***Мақсаты:*** *Эмоцияны мимикамен көрсету.*<br>***Жүргізу түрі:*** *Балалар айнаға қарап, тәрбиешінің тапсырмасы бойынша қуанышты, көңілсіз, таңқалған бет қимылын жасайды.* | ***«Жақсы сөз – жанға қуат»***<br>***Мақсаты:*** *Жылы сөз айтуға, мейірімді болуға тәрбиелеу.*<br>***Жүргізу түрі:*** *Балалар шеңбер жасап, бір-біріне жылы сөз айтады («Сен ақылдысың», «Сен мейірімдісің»).* | ***«Күн мен бұлт»***<br>***Мақсаты:*** *Жағымды және жағымсыз әрекетті ажырата білу.*<br>***Жүргізу түрі:*** *«Ойыншықты жинадым – күн», «Досымды итеріп жібердім – бұлт» деп мысалдар айту.* | ***«Жылы алақан»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың бір-біріне сенімін арттыру.*<br>***Жүргізу түрі:*** *Балалар жұптасып, бір-бірінің алақанын ұстап «Сен менің досымсың» деп айтады.* |
| *Серуенге дайындық* | ***«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.***<br>***Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | |
| | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары.*<br>*Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *Серуен* | ***Картотека №17***<br>*«Күз көрінісін бақылау»* | ***Картотека №18***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №19***<br>*Жаңбырды бақылау.*<br>***Ұлттық ойын- ұлт қазынсы: «Арқан тарту»*** | ***Картотека №20***<br>*Жәндіктерді бақылау.* |
| *Серуеннен оралу* | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | |
| | ***Киімдерін шешу:***<br>*Әр бала киімін реттілікпен шешіп, сөресіне қоюға дағдылану.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жақсылап сабындап жуу, сүлгісін дұрыс қолдану.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Суды шашпай, әдептілікпен жуыну.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды үстел басына жинақылықпен отырғызу.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін шешкен соң ұқыптап бүктеп, орнына қоюды үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын екі рет сабындап жууға дағдыландыру.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде шуламай, тәртіп сақтауды ескерту.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Қол жуған соң асханаға дайын болу.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балаларға аяқ киімдерін дұрыс шешіп, орнына қоюды үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жуған соң сүлгісін іліп қоюды талап ету.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен ойнамай, тек қолды шаюды еске салу.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды таза қолмен асқа шақыру.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін шешіп болған соң, сөресінде жинақы ұстауға баулу.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін дұрыс қолдануды үйрету.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде сумен ойнамауды ескерту.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Қолдарын жуып, үстел басына жайғасу.* |
| *Кешкі ас* | *Кезекшілердің жұмысы*<br>*Гигиеналық процедуралар «қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою.*<br>*Сабынмен қол жуамыз Таза болды мұнтаздай*<br>*Тағамға қол созамыз*<br>*Балалардың назарын тағамға аудару* | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті* | *Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған әр түрлі балалар іс-әрекеті ойын түрінде жүзеге асырылады* | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Балалардың таңдау бойынша ышығармашылық іс-шаралар: сурет салу, мүсіндеу, оригами, күзгі жапырақтардың коллажы.* | *Құрылыс және құрастыру ойындары «Лего», «Сызбалардан құрастыр»* | *Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлдар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар* | *Еңбек әрекеті Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | |
| *Балалардың үйге қайтуы* | ***Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*** | | | |
| | *Бүгін балалар сурет салып, түрлі түстерді қолданды. Қиялын бейнелеуге және қол моторикасын дамытуға тырысты. Үйде балаңызға түрлі-түсті бояулар беріп, еркін сурет салуға мүмкіндік жасаңыз.* | *Бүгін балалар ертегі тыңдап, кейіпкерлерді атады. Қиялы дамып, оқиғаны есте сақтауға талпынды. Үйде бірге ертегі оқып, «Бұл кім? Ол не істеді?» деген сұрақтар қойсаңыздар пайдалы.* | *Бүгін балалар қимылды ойындар ойнады. Шиарақтық пен ептілігін көрсетті. Үйде қарапайым қимылды ойындар ойнауға уақыт бөліңіздер.* | *Бүгін балалар ән айтып, қарапайым би қимылдарын жасады. Өнерге қызығушылық танытып, көңілдерін көтерді. Үйде қысқа әндер айтып, бірге қимыл қосуға көңіл бөлсеңіздер жақсы.* |

Тексеріледі: [signature]

**_Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы_**
**_Қыркүйек айының-2аптасы_**

**_Топ:_** _Орта топ_
**_Балалардың жасы:_** _3 жас_
**_Қандай кезеңге жасалды :_** _08.09 – 12.09.2025ж_
**_Апта дәйексөзі: «Жанұям –қорғаным, ата-анам- тірегім»_**

| ***Күн тәртібінің үлгісі*** | ***Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды қабылдау*** | _Күй күмбірі – баланың ой-өрісін кеңейту._ ***«Жезкиек»*** | _Күй күмбірі –тіл мен дәстүрге құрмет қалыптастырады._ ***«Табиғат»*** | _Күй күмбірі – ел тарихын білуге баулу._ ***«Бұлбұл»*** | _Күй күмбірі – туған жерге сүйіспеншілікке үйрету._ ***«Адай»*** | _Күй күмбірі – табиғатты аялауға тәрбиелеу._ ***«Ерке сылқым»*** |
| | _Балаларды есік алдында әнмен қарсы алу («Қайырлы таң!» әнін бірге айту). Баланың көңіл-күйін сурет арқылы білдіру (күліп тұрған, мұңды, ұйқышыл смайликтерден таңдату). Баланы тыныш бұрышқа (кітап оқу, сурет қарау) бағыттау._ | _Баланы есімімен шақырып, «Құшақ сыйлаймыз» ойынымен қарсы алу. Баланы достарымен бірге ойын бұрышына тарту. Таңғы үстел үсті пазлдарына бағыттау._ | _Баланы «Қол алысып, күлейік» ойынымен қарсы алу. Көңіл-күйін сұрап, тақтайшадағы «күн/ай/жұлдыз» белгілерінен таңдауды ұсыну. Баланы құм немесе кубик бұрышына жіберу. Ата-анасымен қоштасуды үйрету (қол бұлғап, «сау бол» деу)._ | _Баланы шаттық шеңберіне шақырып, қысқа би жаттығуымен қарсы алу. Баланың көңіл-күйін бақылап, жылы сөз айту. Киімін шешуге көмектесу, заттарын өз орнына қоюға үйрету. Баланы досына сәлемдесуге бағыттау._ | _Баланы қуыршақпен немесе ойыншық кейіпкер арқылы қарсы алу. Баланың көңіл-күйін «Ән шырқау» арқылы көтеру. Қолын жуып болған соң сурет салу бұрышына бағыттау._ |
| _Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды_ | ***Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.*** | | | | |
| | ***Әңгіме:*** _Ерте келу –_ | ***Әңгіме:*** _Дұрыс_ | ***Әңгіме:*** _Таңғы_ | ***Әңгіме:*** _Тазалық_ | ***Әңгіме:*** _Демалыс_ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | баланың тәртіпке үйренуіне және денсаулығына пайдалы. Уақытты дұрыс пайдалану баланы жинақылыққа баулиды.<br>**Кеңес:** Балаңызды балабақшаға уақытылы келуге үйретіңіз. | тамақтану – баланың өсуі мен дамуының негізгі шарты. Жақсы тамақтанған бала сергек әрі көңілді болады.<br>**Кеңес:** Балаңызға жеміс-жидек пен көкөністі көбірек жеуді үйретіңіз. | қабылдау кезінде баланың көңіл-күйін, денсаулығын бақылау – тәрбиешінің жұмысы, ал ата-ананың міндеті – қажетті мәліметті айту.<br>**Кеңес:** Балаңызға өз жағдайын айтуға (қал-жағдайын, көңіл-күйін білдіруге) үйретіңіз. | шаралары – баланың денсаулығын сақтайды, оның мәдениетін қалыптастырады.<br>**Кеңес:** Балаңызға қолын жуған соң сүлгімен сүрту, киімін таза ұстауды үйретіңіз. | күндері тазалық шараларын сақтау – маңызды. Шаш пен тырнақтың тазалығы да тәрбие белгісі.<br>**Кеңес:** Балаңызға шашын, тырнағын таза ұстауды және уақытылы қидырып отыруды үйретіңіз. |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | **Картотека № 1**<br>**Дид ойын: «Көкөніс пен жемісті ажырат»**<br>**Мақсаты:** табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып, жемістердің өсуін, пісіп жетілуімен танысады. | **Картотека № 5**<br>**Дид ойын: «Телефон»**<br>**Мақсаты:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді. | **Картотека №9**<br>**Дид ойын: «Бақша да ма,бау да ма?»**<br>**Ойынның мақсаты:** Жемістер мен көкөністер айырмашылықтарын түсініп, айта алады. | **Картотека №10**<br>**Дид ойын:**<br>**Танып ал да, атын ата**<br>**Мақсаты:** заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. | **Картотека №11**<br>**Дид ойын:**<br>**«Затты сипаттау»**<br>Мақсаты:Заттарды көріп сипаттау арқылы балаларқоршаған орта жайлы түсіне біледі. |
| | **коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан** | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | Қыркүйек айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. | Қыркүйек айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. | Қыркүйек айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. | Қыркүйек айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. | Қыркүйек айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. |
| | **Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.** Жаттығу кешені қосымша тіркелген | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Таңғы ас* | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішіп отырғанда ойыншықты әкелмейміз. Ас – ойын емес, денсаулыққа қажет.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде орыннан тұрып жүгірмейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Сондықтан асты төкпей жейміз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Дастарқанды былғамай, таза ұстауымыз керек.* | ***Әңгіме:***<br>*– Әдемі отырған балаға бәрі риза болады. Ас үстінде тып-тыныш, түзу отырайық.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қолымызды сермемейміз, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Асқа құрметпен қарасақ, ол берекелі болады. Әрбір ас – сый.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қасық пен шанышқыны бір-бірімізге бағыттамаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Үнемді бала – тәртіпті бала. Су мен асты үнемдеп пайдалансақ, табиғатты да, еңбекті де бағалаймыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде шуламаймыз, бір-бірімізге кедергі жасамаймыз.* |
| *Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)* | *«Балалар кітапханасы» жобасы*<br>***Ойын: «Ертегі дауысын тап»***<br>*Тәрбиеші кейіпкердің дауысын салады (қасқыр – «ау-у», қоян – «шиқ-шиқ»). Балалар: «Бұл қасқыр», «Бұл қоян».*<br>*Мағынасы: тыңдау, есте сақтау.* | *«Қамқор» жобасы*<br>***Ойын: «Сыйлық берейік»***<br>*Балалар қолындағы ойыншықты қасындағы досына беріп: «Саған!» – дейді.*<br>*Мағынасы: достыққа, бөлісуге тәрбиелеу.* | *«Шабыт» жобасы*<br>***Ойын: «Қимылды жалғастыр»***<br>*Тәрбиеші қимыл жасайды (алақанын шапалақтайды). Балалар қайталайды және өз қимылын қосады.*<br>*Мағынасы: ойлап табуға, шабытқа жетелеу.* | *«Еңбегі адал жас өрен»* ***жобасы***<br>***Ойын: «Үй жинаймыз»***<br>*Тәрбиеші ойыншықтарды шашып қояды. Балалар жинайды.*<br>*Мағынасы: еңбекке баулу.* | *«Смарт бала» жобасы*<br>***Ойын: «Суреттен тап»***<br>*Тәрбиеші сурет көрсетеді: «Бұл не?», «Ол қайда тұрады?» Балалар: «Бұл – қоян, ол інде тұрады».*<br>*Мағынасы: ойлау, байланыстырып сөйлеу.* |
| *Кестеге сәйкес ҰІӘ* | ***«Қамқор» жобасы ойыншықтарға қамқорлыққа, «еңбегі адал жас өрен» ұқыптылыққа тәрбиелеу*** | | | | |
| | ***Таңғажайып сәт. АҚТ технологиясы***<br>*Жалқаубек шығады, үсті басы кір-кір.* | ***Қызығушылықты ояту***<br>***Кубизм әдісі.***<br>*Балалар кубик* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Дид ойын: «Мен қандаймын?»*** | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Көңілді әуен бұрышы.***<br>***Аспаптар альбомына*** | ***Менің сүйікті бұрышым.***<br>*Суреттер қарау.*<br>***Қызығушылықты*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сұрақ- жауап.**<br>**Жалқаубектің не болған?**<br>*- Көңілсіз -Үсті лас*<br>*-Сумкасын көтере алмай сүйреп жүр.*<br>*Қандай көмек береміз?*<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>*Ерте мен күнде сен,*<br>*Қолыңа сүйкесең*<br>*Кетіп кір ласың*<br>*Тап – таза боласын*<br>*Бұл не? сабын*<br>*Шомылған баланы*<br>*Аймалап алады.*<br>*Сүртеді қолыңды*<br>*Сүртеді бетіңді*<br>**Бұл не? сүлгі**<br>*Бұлар нелер екен?*<br>*Тазалықтыі досы*<br>**Ой дамыту.**<br>**Жалқаубекке керек заттар.**<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>**1-топ «ТАЗАЛЫҚ»**<br>**Дид ойын: «Жаңылма»**<br>**Бұл бала қай бала?** | *лақтыру арқылы отбасы мүшелері туралы айтып береді.*<br>**Дид ойын:«Кім екенін тап?»**<br>**Шарты:** *Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді.*<br>*Басқа балалар шешуін табады.*<br>*Мысалы:*<br>*Анасы кір жуып жатыр. Әкесі отын жарып жатыр.*<br>**Шығармашылық орталығындағы жұмыс.**<br>**Топқа бөлу.**<br>**1-топ**<br>**Дид ойын:«Мен және менің жақындарым»**<br>**Шарты:** *Өзіне ұнаған суретті ірікпен алып, отбасы тақырыбында* | *-Егер сен ерте тұрғанда жыламай тұрсаң оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен жылап тұрсаң сол қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен өтірік айтпайтын болсаң оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер саған балабақша ұнаса оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен топтағы достарыңды ұнатсаң қол соқ*<br>**Микрафон әдісі**<br>*«Менің жағымды – жағымсыз жақтарым»*<br>**Тосын сәт: Салауат атай телефон шалу.**<br>*Құрметті балалар! Сендер күз мезгілінде салқыннан қалай сақтануды білесіңдер ма? Ұмытып қалмаңдар балалар, әр дайым шынығып тұрыңдар.*<br>*Ол үшін жаттығу залына барыңдар, жемістер мен* | **шолу.**<br>*Музыка тыңдау.*<br>*Жай, қатты музыканы ажырату.*<br>**Ән жетекшісімен ән үйрену: «Біз өмірдің гүліміз»**<br>**Ә.Дүйсенбиев**<br><br>**Тыныштық сәті:**<br>*Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау.*<br>**Ой қозғау.**<br>*Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар?*<br>*Табиғат – бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер және су, орман мен жануарлар.*<br>*Табиғат нешеге бөлінед? Атау.*<br>**Қызығушылықты ояту**<br>*Табиғатқа саяхат*<br>**1-аялдама Су**<br>*Сылдырапағыпжатқан не ?*<br>*-Дұрысбұл су.*<br>*-Ал* | **ояту**<br>*Жерге домалап оралған қағаз түсіп кету.*<br>*- Бес беттен тұратын үн қағазды көрсету. Әр беттің өз тілшісі бар.*<br>**-1 бетте**<br>*-бала көңілсіз, ол неге көңілсіз. Ол үшін сөз тілшіге беру.*<br>**1-ші тілші.**<br>*Дид ойын: «Кім тапқыр?»*<br>**Ауа туралы жұмбақ.**<br>*Бір нәрсе жер мен көктің арасында,*<br>*Көрінбейді өзі түгіл, қарасы да.* **(ауа)**<br>*Ауа жөнінде кімнің тақпағы, кім қандай ауа туралы пікір айтады?*<br>*Ауа туралы такпақ.*<br>**Ой қозғау.**<br>*-Ауа арқылы не болады?*<br>*-Грипп*<br>*-Ауаны не ластайды?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қарашы үстіне,<br>Бір кіршік түстіме көзіңе<br>Тап-таза ақ қаздай<br>Киімі мұнтаздай<br>Жарайсың балақай<br>Дейміз біз мадақтай<br>**Салыстыру**<br>**-Анау бала, Бетін қара,**<br>Кір қожалақ, қап-қара<br>Тырнағы өскен,<br>Шашы көптен<br>Алынбаспты –ау масқара<br>Сұрақ –жауап<br>Осындай бала болмас үшін не істеу керек?<br>**Дид ойын: «Тазалықтың достары»**<br>**2-топ. «ТАҒАМДАР»**<br>**Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс**<br>Пайдалы тағам түрлерімен таныстыру.<br>Иллюстрациялық суреттер.<br>**Дид ойын «Жеміс-жидек теру және егу»**<br>**3.«ШЫНЫҒУ»**<br>**Аудиомен.** | коллаж құрастыру.<br>**2- топ**<br>**Дид ойын: «Әдемі үйлер»**<br>**Шарты:** Дайын қиылған әр түрлі үйлерді жапсыру.<br>**«Ыстық орындық»**<br>**Шарты:** Мен отбасымды жақсы көремін»<br>деп әр бала өз отбасы туралы айтады.<br>**«Санамақтар сыры»**<br>«Бір үйде біз нешеуміз?»<br>А.Сопыбеков<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз? | көкөністер жеп тұрыңдар.<br>Ой балалар біз жаттығу залына баруды ұмытып кеткен сияқтымыз.<br>Тезірек жаттығу залына барайық.<br>Салауат атай бізге жемістер мен көкөніс жеңдер деді. Көкөніс туралы қандай ертегі білеміз? **Шалқан**<br>**Шалқан ертегісін қарау.**<br>**Дид ойын: «Ретімен қойып шық.»**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ:**<br>Шалқанның жапырағын бояу, атаның бас киімін бояу, әженің орамалын бояу, қыздың бантигін бояу, иттің құйрығын бояу, мысықтың денесін бояу, тышқанның құлағын бояу.<br>Ертегі кейіпкерлерін ретімен қою | судыңқандайпайдасы бар?<br>Су өлі Табиғатқажатады,ал бізадамдар суды ішеміз<br>Бізгепайдасыөтекөп.<br>Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысы бар ма?<br>**Сергіту сәті.Музыкамен**<br>**2-аялдама**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің<br>Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің?<br>Ол не ?**АУА**<br>- Ауа не үшін керек?<br>- Ауаның түсі қандай?<br>- Қолмен ұстауға болама, оны көреміз бе<br>Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеміздегі гүлдер де ауадағы шаңды жұтып, бізге | -Машина түтіні т.б<br>Ауа таза болса баланың көңілі шат көңілге бөленеді.<br>Балалар бізге ауаның не үшін қажет екенін білгілерің келеме?<br>Олай болса тәжірибе жасап көрейік. Терең дем алып, аузымыз бен мұрнымызды қолымызбен жауып, демді іште сақтайық. Қиналып кеткенде демдеріңді шығарыңдар, дем ала бастаңдар.<br>Ауасыз қандай қиын екенін сездіңдер ме?<br>Біз ауасыз өмір сүре аламызба?<br>**2-ші бет микробтар** Оларды тазарту үшін микроптар туралы тақпақ айту.<br>**Дид ойын: «Атап айт»**<br>**Шарты:**<br>Микроптарға не жатады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ой қозғау.**<br>**Дені сау болу үшін адамға не керек?**<br>Тазалық, дәрумендер, шынығу, мейрімділік керек.<br>Жалқаубек біздің балалардың денсаулықты сақтау туралы ойлары ұнады ма?<br>Жалқаубек мен үйге тез барам да тап-таза болып жуынам, спортпен айналысам кеттім.<br>Рақмет айту.<br>**Түйін:** Денсаулық ол күлуің,<br>Денсаулық ол жүруің,<br>Ешбір жерің ауырмай.<br>Бақытты өмір сүруің.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Тосын сәт. Есік қағылып Айгүл қуыршақ келеді.ан хат**<br>Амандасу. Балалар мен Дәрігердің жазған қағазын жоғалтып алдым,онда пайдалы дәрумендер туралы | Бір үйде біз бесеуміз.<br>**Дид ойын:«Отбасыңды неге теңейсің?»**<br>**Ойынның шарты:**Біздерге бірнеше суреттер берілген, отбасын қандай жақсы нәрсеге теңегіміз келсе,сол суретті көтеріп көрсетеміз.<br> <br><br>**Дид ойын: «Ретімен орналастыр»**<br>**Шарты:** Суреттн отбасы мүшелерін ретімен қоя білу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:Тазалық-таза баланың досы.**<br>**ҰІӘ өтілу барысы:**<br>Амандасу.<br>**Өлең оқу**<br>Достар бірге | **2-топ:**<br>Ертегі кейіпкерлерінің бөлігін тауып құрастырып, ретімен қою<br>**3-топ:**<br>Шалқаннан кейінгі кейіпкерлерді ретімен жапсыру.<br>**Сюжеттік рольдік ойын: «Шалқан»**<br>Ертегіні сахналау.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Кіріспе бөлім .**<br>**Балалармен амандасу.**<br>**«Пойыз» ойыны.**<br>Балаларға үлкен себеттегі сылдырмақты көрсету.<br>Сылдырмақты балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.<br>**Негізгі бөлім**<br>**Жалпы даму жаттығулары:Сылд ырмақпен** | таза ауа жіберіп отырады<br>**Дид ойын: «Зерттеушілер»**<br>**1-тәжірбие:** Әр баланың қолына айна беріледі.Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткіеді<br>**2-тәжірбие:** Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік.<br>- ауасызтыныс алуға бола ма?<br>**Түйін:**<br>От та, суда, ауа да<br>Жан-жануарбарлығы<br>Ормантеңізтауларда<br>Табиғаттыңбайлығы.<br><br>**Ұ.О Тақырыбы: «Айгөлек»**<br>**Мақсаты: Баланың денесін шынықтыруға, ұстамдылыққа, күштілікке тәрбиелейді.** | **Тақпақ: «Микроптар»**<br>**3-ші бетте тілші сөйлейді.**<br>- Кімнің ән тыңдағысы келеді, кімдер билегісі келеді? Балалар өз өнерлерін ортаға салады.<br>**4-ші беттің тілші:**<br>Дид ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Су туралы жұмбақ жасыру.**<br>Жылт-жылт етеді,<br>Жылғадан өтеді-ол не?<br>**(су)**<br>-Су қалай ластанады?<br>Суды таза ұстау үшін не істеу керек?<br>Суды біз барлық тірі жанға пайдаланамыз. Су бар жерде тіршілік өмір бар.<br>Су туралы мағлұмат айтып суды микробтан тазалаймыз.<br>Суымыз тап-таза |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жазған еді,енді сендерден көмек сұрап келдім.Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенін айтыңдаршы?<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Сонымен дәрумендерді қайдан аламыз?<br>-Жемістер мен көкөністерден аламыз.<br>- Айгүлге көмектесу үшін не істейміз?<br>-Жоғалтып алған дәрумендерінің суретін салып берейік.<br>**Сергіту сәті.**<br>Алма баққа барайық, (орында тұрып ,жүру)<br>Алма теріп алайық, ( алма теру қимылын жасайды)<br>Қол жетпесе алмаға (оң қолды көтеріп секіру)<br>Секіріп қол созайық (Екі қолды көтеріп секіру)<br>**Балаларды топқа бөлу**<br>Жұмы с жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету | жүреміз, бірге ойнаймыз,күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз міне,біздер қандаймыз!<br>Сұрақ – жауап Мағынаны ашу.<br>**2.Акт технологиясы.**<br>**Ой дамыту**<br>**Суретпен жұмыс**<br><br>.<br>Екі баланы салыстыру.<br>**Дид ойын: «Таза болу үшін не керек?»**<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Таңертең тұрамын | 1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, сылдырмақ кеудеде.<br>Сылдармақты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. Келу<br>2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Сылдырмақты алға созу.. Отыру, тұру. Б. қ. Келу<br>3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, сылдырмақ кеуде тұсында.<br>Сылдырмақты алға созу. Еңкею, сылдырмақты тізеге тигізу. Б. қ. келу.<br>Б. қ.: тік тұру, сылдырмақты қос қолмен ұстау.<br>1. Қос аяқпен секіру. Б. қ. келу.<br>**Тыныс алу:** .<br>«Сылдырмақты | | болды.<br>**5-ші беттің тілші сөйлейді:**<br>Табиғат туралы қандай тақпақ, тыйым сөздер, пікір айтамыз.<br>**Балалар:**<br>Табиғат мейірімді ана сияқты, өзіндегі барды адамдарға жан-жануарға береді.<br>**Ал, мінекей, балалар біздің 5-ші шеңберіміз де микроптан тазаланды.**<br>**Дид ойын: «Табиғат сәні»**<br>Табиғатқа көбелек, құстар, аңдар, жәндіктерді жапсырамыз.<br>**Енді мына баланы қарайық. Ол енді күле ме екен. Олай болса күліп тұрған баланы қарайық.**<br>**Бәрі хормен:**<br>Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Трафаретпен жұмыс.*<br>***Пед жет ойын: «Қандай алма?»***<br>***1- топ.*** *Қызыл лма*<br>***2- топ.*** *Сары алама*<br>***3- топ.*** *Жасыл алама*<br>*Алмаларды суретке түсіру, суретті Айгүлге жіберу.*<br>***Менің сүйікті бұрышым***<br>***Суреттерді ретте***<br>***Дид ойын****:«Пайдалы және зиянды тағамдар»*<br>*Шарты:Пайдалы тағамдарды себетке құрастырамыз,ал денсаулығымызға кері әсерін тигізетін тағамдарды қоқыс шелегіне жапсырамыз.*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім.***<br>***Амандасу***<br>*Педагог: Біздің қуыршақтар Дене тәрбиесімен шұғылданбақшы, бірақ олар қалай айналысу керектігін білмейді. Кәне, біз оларды* | *Бетімді жуамын, Тап-таза боламын.2рет*<br>***Дид ойын: «Қуыршақты жуындрайық»***<br>***Шарты:*** *Заттарды шығарып көрсетіп, аттарын балалардан сұрап, қайталату.*<br>*(сабын, сүлгі, тарақ)*<br>*Бала үні*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Ұшты-Ұшты»***<br>***Мақсаты : есте сақтау, мұқият болу қабілеттерін дамытады, өнерлі болуға баулу.*** | *үрлеу».*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары:***<br>*Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүру.*<br>***Қимылды ойын: №13. «Қоңырау қайдан естіледі?»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Сақина салу»***<br>***Мақсаты: Балалард ың қимыл белсенділігін, ойында ынтасын арттыру.*** | | *Аспан Таза ауаң үшін рахмет!*<br>*Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рахмет!*<br>*Ағаш, көлеңкең үшіе рахмет!*<br>*Табиғат сұлулығың үшін рахмет!*<br><br>***Музыка***<br>***Тақырыбы: «Мен әдепті баламын»***<br>***Әуенді-ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз»***<br>*(музыкасын жазған А.Тоқсанбаев)*<br>*Балаларды екі-екіден қол ұстасып, еркін қимылмен серуендеп жүргізу. Әуен өзгергенде бір біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойп, аяқты топылдатқызу. Келесі әуенде қол ұстастырып, шыркөбелек айналдыру. Әуенді ести отырып, өз* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *үйретейікші.Әрқайсысың өзіңе ұнаған қуыршақтың қасына барып тұрыңдар. Қуыршақтарды алып серуендеп қайтайық. Қуыршақтарды «үйшіктеріне» апарыңдар. Енді өздерің серуендеп келіңдер.*<br>*Өз қуыршақтарыңа барыңдар.*<br>*Сендердің қалай жүгіретіндеріңді қуыршақтарың көрсін.*<br>***Негізгі бөлім Қуыршақтармен бірге жалпы дамыту жаттығулары. «Қуыршақтарды алып, шеңбер бойына тұрыңдар».***<br>*1.Қуыршақты жоғары көтереміз, сосын төментүсіреміз. Орындауы: ойыншықты оған қарап тұрып жоғары көтеру. (3-4 рет қайталау)*<br>***2.Қуыршақты еденге отырғызып, оның*** | | | | *беттерінше қимылдауға үйрету*<br>***Дид ойын: «Тату достар».***<br>*Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.*<br>*-Кімнің қандай өнері бар?*<br>*-Кім билегенді ұнатады?*<br>***Дауыс жаттығулары:***<br>*Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.*<br>***Ән үйрену: «Мен әдепті баламын»***<br>*Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***көзіне қараймыз.***<br>*Орындауы: иілу және отыру – әрқайсысы әртүрлі орындауы мүмкін. (3-4 рет қайталау)*<br>***3.Қуыршақпен жасырынбақ ойнайық.***<br>*Етпетінен жатып қуыршаққа қарау,бетін алақанымен жасыру «ішпен жатып, иықпен тіреп басын сәл көтеру, иіліп «жасырыну».*<br>*(3- 4 рет қайталау).*<br>***4.Қуыршақпен билейік.***<br>*Қуыршақты қолға алып, әркім өз әлінше бір орында би қимылдарын жасау. (15–20 секқайталау)*<br>*Қимылдың негізгі түрлері:*<br>*Қолға қуыршақты ұстап, екі жіп арасымен түзу жүру.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күлше нан»***<br>*Қуыршақтарды үлкен шеңбер бойымен* | | | | *Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді.*<br>*түсінеді.*<br>*Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады.*<br>***Сергітужаттығуы:***<br>*Ойна, ойна, ойнайық,*<br>*Биле, биле, билейік.*<br>*Ойынойнапкөңілді,*<br>*Қызыққатоймайық!*<br>***Қим ойын: «Досыма гүл сыйлаймын»***<br>*Шарты: Шеңберде тұрып, гүлді қатарға берген сайын, гүлдерді толықтырып отыру..*<br><br>***Ойын: «Алтын қақпа»***. *Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *отырғызуды ұсынады (үлкен шеңбер залдың ортасында). Қуыршақтардың туған күнін атап өту үшін «Күлше нан» ойынын ойнаймыз. Бәріміз бір- біріміздің қолымыздан ұстаймыз.* ***Туған күнді тойлауға Пісірдік біз күлше нан. Иисі қандай дәмді, Өзі қандай сәнді. Қызарып піскен күлше нан, Қазаннан түскен күлше нан. Күлше нан, бұрыл солға, Күлше нан, бұрыл оңға, Жан-жағыңа қара да, Қуыршақты таңда.*** *(Өз қуыршақтарын алып, әркім өз әлінше би қимылдарын жасайды. 2 рет қайталайды). Қуыршақтар шаршады, енді оларды мәшинемен үйлеріне апарып салайық. «Мәшине» әнінің ырғағымен бәріміз үйге қайтайық.* | | | | *орындалуын қадағалайды. Ойынғабелсенеқаты сқанбалалардымадақ тайды.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Ханталапай» Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интелектуалдық, тапқырлық, ептілік, дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылық қабілеттерін дамыту. Топта жұмыс істей білуін дағдыларын қалыптастыр*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Мәшине, мәшине келе жатыр, Ішінде, ішінде шопыр отыр.*<br>*Би-би-би! Би-би-би!*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Арқан тарту» Мақсаты: Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйретеді.*** | | | | |
| *Серуенге дайындық* | ***Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.***<br>***Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | | |
| | *Киімін киерде рет-ретімен қоюды үйрету.*<br>*Қауіпсіздік: таяқпен ойнамау.* | *Киіну кезінде бір-біріне көмектесуге үйрету.*<br>*Қауіпсіздік: тәрбиешінің артынан жүру.* | *Қолғапты дұрыс киюге дағдыландыру.*<br>*Қауіпсіздік: шалшыққа түспеу.* | *Бас киімін дұрыс кигізу.*<br>*Қауіпсіздік: жолға шықпау.* | *Киінген соң айнаға қарап, өзін тануға баулу.*<br>*Қауіпсіздік: ағашқа шықпау.* |
| *Серуен* | ***Картотека №11***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека №17***<br>*«Күз көрінісін бақылау»* | ***Картотека №18***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №19***<br>*Жаңбырды бақылау.* | ***Картотека №20***<br>*Жәндіктерді бақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Күз серуен картотекасынан*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Киімдерін шешу:*** *Балаларды киімдерін бір-біріне кедергі жасамай шешуге дағдыландыру.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын мұқият жууды қадағалау.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Суды үнемдеп қолдануды түсіндіру.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Балаларды таза қолмен ас ішуді үйрету.* | ***Киімдерін шешу:*** *Балалар киімдерін ретімен шешіп, орындарына қояды.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабынмен жуу, сүлгісін қолдану.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде әдепті болу.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Тазалықтан кейін асханаға отыру.* | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін тәртіппен шешіп, шкафқа қоюға үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуу, сүлгісін таза ұстау.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамай, тыныштық сақтау.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Қолдарын жуып болған соң асқа дайындалу.* | ***Киімдерін шешу:*** *Балаларды сырт киімдерін шешіп, бүктеп қоюға үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын жақсылап жууға, сабынды үнемдеуге үйрету.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде суды төкпеуге ескерту.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Ас ішу алдында тәртіппен отыру.* | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін ұқыптап шешіп, жинауға дағдыландыру.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын екі рет сабындап жуу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамай, әдепті жуыну.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Ас алдында қолдарын тазалап, үстелге отыру.* |
| *Түскі ас* | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну*** | | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Табақтағы асты тауысып жеу керек. Артық алып қалдырмайық.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде жүгірмейміз, орнымызда тыныш отырамыз.* | ***Әңгіме:*** *– Дастарқан басында әркім өз орнында отырады. Басқаларға итермей, кедергі жасамаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымызды созып, басқаның ыдысына қол салмаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Нанды жерге тастамаймыз, үгіндісін де жинаймыз. Нан – берекенің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Нанмен ойнамаймыз, үстелге лақтырмаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Суды да, асты да үнемдеген бала – ұқыпты бала. Ұқыптылық – жақсы әдет.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыстық асты асықпай жейміз, күйіп қалмау үшін абайлаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Ас ішіп болған соң «Рахмет!» айту – әдептіліктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырған кезде орындықтан секірмейміз, абайлап тұрамыз.* |
| *Күндізгі ұйқы* | *Балаларды киімдерін ретімен шешуге баулу.* | *Киімдерін шешіп, орнына қоюды еске салу.* | *Киімдерін жинап қоюға дағдыландыру. Жастығын орнына* | *Киімдерін ұқыптап шешіп, жинауға үйрету.* | *Киімдерін реттеп шешіп қоюды қайталау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Өз төсегін дайындап, жатуды қайталау. Бөлмеде жайлы ахуал құру: тыныштық пен таза ауа. Төсегін өзі ашып жатуға шақыру.* | *Төсегін дұрыстап жайып, жатуды үйрету. Ұйқыға қолайлы жағдай жасау. Балаларға көрпесін жамылып, жатуды қайталау.* | *қойып, төсекке жатуды үйрету. Тыныштық орнатып, бөлмені дайындау. Балаларға өздері жатып көруге мүмкіндік беру.* | *Өз төсегін ашып, жатуды еске салу. Жарықты бәсеңдетіп, бөлмеде тыныштық сақтау. Балаларды құйқтап жатуға баулу.* | *Төсегін өзі ашып, ыңғайланып жатуға үйрету. Тыныштық сақтап, бөлмені дайындау. Балаларға өздері жатып көруді ескерту.* |
| *Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары* | ***Жаттығу кешені №6***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.* | ***Жаттығу кешені №7***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***Жаттығу кешені №8***<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарайық*<br>*Төсектен біз тарайық* | ***Жаттығу кешені №9***<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында созылып*<br>*Тарқасайық, тұрайық* | ***Жаттығу кешені №10***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Аунап, құнап алайық ,*<br>*Самал жел бізге желпісін,*<br>*Ұйқымызды ашайық* |
| | ***Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.***<br>***«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.***<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| *Бесін ас* | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, қолымызды жуған кезде суды көп ағызбаймыз. Қажет болса ғана ашып, жуған соң жауып қоямыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Еденге су төгілсе, тайып құлап қалуымыз мүмкін. Сондықтан абай* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас – еңбекпен келген ризық. Оны төкпей-шашпай жеуіміз керек.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде орнымыздан тұрмаймыз, ыдысты қолымыздан түсіріп алмау үшін дұрыс ұстаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Тамақ ішкенде орындықта түзу, әдемі отырайық. Арқамызды тік ұстасақ, ыдыс та төгілмейді.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қисайып отырсақ, ыстық тамақ төгіліп кетуі мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде қасықты оң қолымызға ұстаймыз. Сонда тамақты төкпей, әдемі жейміз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қасықты бұлғап ойнамаймыз, ол қасымыздағы балаға тиіп кетуі мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде қатты сөйлемейміз. Әдепті бала дастарқан басында тыныш отырады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ауызымызда ас болғанда сөйлесек, қақалып қалуымыз мүмкін.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *боламыз.* | | | | |
| *Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)* | ***«Қамқор» жобасы бағытында - Экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде*** | | | | |
| | ***«Күздегі ағаштар» тәжірибе«Әртүрлі жапырақтар қалай түседі»***<br>*Мақсаты: балаларға түскен жапырақтың ұшуының оның өлшемі мен пішініне тәуелділігін көрсету.*<br>*Құрал-жабдықтар: әртүрлі пішіндегі нағыз үлкенді-кішілі жапырақтар, түрлі-түсті қағаздан қиылған түрлі ағаштардың жапырақтары, оларға таныс балалардың суреті салынған қораптар. ағаштар, «Жапырақтың ұшуы» тапсырмалары бар парақтар.*<br>*Мазмұны. Педагог балаларға ағаштардың жапырақтарының түсуін әртүрлі тәсілдермен қалай* | ***«Құстың ұясы» әңгіме оқып беру, түсіндіру.***<br>*Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақ қою*<br>*Балалар ойнап жүріп нені көрді?*<br>*Ұяда не бар екен?*<br>*Балалар не істеді?*<br>*Балалапанды үйіне алып келгеннен кейін не болды?*<br>*Әкесінің сөзінен кейін балалар қайтті?*<br>*Балалардың жасағаны дұрыс па?*<br>*Балалар не істеу керек еді?*<br>***Топқа бөлу.***<br>*1- ші топ геометриялық пішіндер арқылы құстарға* | ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Шарты: Берілген жұмбақтарды өз ойымен шеше білу.Жұмбақ шешуіне қатысты сөйлем құрау.*<br>***Ас, тағам, азық-түлік жұмбақтары***<br>*Өзі ащы, Бірақ,*<br>*Дәмді етер асты.*<br>***(Тұз)***<br>*Ұрмай-соқпай жылатады,*<br>*Әркім бірақ ұнатады.* ***(Пияз)***<br>*Алыстан қарасам аппақ,*<br>*Татып қарасам тәтті-ақ.*<br>***(Қант)***<br>***Табиғат туралы жұмбақтар***<br>*Таңмен көзін ашады,*<br>*Әлемге нұрын шашады.* ***(Күн)***<br>*Үй үстінде алтын тас,*<br>*Алайын десем* | ***Дид ойын: «Бұл қай кезде болады?»***<br>*Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерін жылдам табады,атайды және сипаттайды.*<br>***Шарты:****Балалар жыл мезгілдерінің суреттерін жапсырып, ерекшеліктерін айтады.*<br>***Күтілетін нәтиже:***<br>*Балалар жыл мезгілдеріне тән суреттерді тауып әңгімелеп береді.*<br>***Дид ойын: «Жаңбырлы ауа-райы»***<br>*Мақта таяқшаларымен сурет салу техникасымен сурет сала алады.*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім .***<br>***Балалармен амандасу.***<br>***«Пойыз» ойыны.***<br>*Балаларға үлкен себеттегі сылдырмақты көрсету.*<br>*Сылдырмақты балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.* | *Тыныштық сәті: Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау.*<br>***Сұрақ-жауап***<br>*Ненің дыбысы деп ойлайсың-дар?*<br>*Табиғат дегеніміз-бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер, су, орман мен жануарлар.*<br>*Табиғатқа саяхат жасауға барамыз ба? Топ бөлмесінің ішіне саяхат.*<br>***Ой дамыту.***<br>*тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысын түсіндіру.*<br>*1-аялдама. Су*<br>*Сылдырап ағып жатқан не ?*<br>*-Дұрыс бұл су.*<br>*-Ал судың қандай пайдасы бар?*<br>*Су өлі табиғатқа* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *көргендерін есте сақтауды ұсынады. Неліктен?*<br>*-Қане, қандай жапырақтар түсетінін білу үшін тәжірибе жасайық жылдам, ал қайсысы баяу, ал қай жапырақ иіру ең әдемі. Қолыңызға бір жапырақ алып, тұрыңыз. Қолыңызды жапырақты жоғары көтеріп, саусақтарыңыздан жапырақты босатыңыз. Жапырақ ұшып бара жатқанда, оның ұшуын мұқият қадағалаңыз және есте сақтаңыз: ол тез немесе баяу түсті ме,ол тіке ұшты ма, әлде шеңбер болды ма?*<br>***«Жол қауіпсіздігі»***<br>***«Ұлы серуен»***<br>***Мақсаты: Балаларды автокөлік жүргізушісіне қажетті жол*** | *ұя жапсырады.*<br>*2-ші топ қиылған бөлшектер-ден белгілі бір құстың суретін құрастырады.*<br>***Дид ойын: «Құсты ұясына қондыр»***<br>*Шарты. Балалар жасаған құсты ұяға қондыру.*<br><br>***«Өрт қауіпсіздігі»***<br>***«Жанғыш заттар»***<br>***Мақсаты. Балаларды қауіпті заттардың арасынан жиі өрт тудыратын заттарды табуға үйретіңіз. Логикалық ойлауды дамыту.*** | *табылмас.*<br><br>***(Жұлдыз)***<br>*Жылт-жылт етеді,*<br>*Жылғадан өтеді*<br>***(Су)***<br>***Ой қозғау. Сұрақтар аялдамасы***<br>***Дид ойын: «Күз ерекшелігі»***<br>*Шарты: Суреттер көрсете отырып, сұрақ қою арқылы жауап алу*<br><br>*Көк майсалы көрікті*<br>*Алқаптағы көп егін*<br>*Бұл күндері киіпті*<br>*Сары жібек көйлегін.*<br><br>*Жел тынымсыз гуілдеп,*<br>*Болып кетті тым бұзық.*<br>*Шуылдайды тал, терек,*<br>*Жапырағын жұлғызып.*<br><br>***«Қауіпсіздік ережесі»*** | ***Негізгі бөлім***<br>***Жалпы даму жаттығулары:Сылдырмақпен***<br>*1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, сылдырмақ кеудеде. Сылдармақты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. Келу*<br>*2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Сылдырмақты алға созу.. Отыру, тұру. Б. қ. Келу*<br>*3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, сылдырмақ кеуде тұсында. Сылдырмақты алға созу. Еңкею, сылдырмақты тізеге тигізу. Б. қ. келу. Б. қ.: тік тұру, сылдырмақты қос қолмен ұстау.*<br>*1. Қос аяқпен секіру. Б. қ. келу.*<br>***Тыныс алу:*** *.*<br>*«Сылдырмақты үрлеу».*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары:***<br>*Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүру.* | *жатады,ал біз адамдар суды ішеміз бізге пайдасы өте көп . Бірақ су өлі табиғатқа жатады?*<br>***Сергіту сәті.***<br>***2-аялдама.***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>*Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің*<br>*Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің?*<br>*Ол не ?**АУА***<br>*- Ауа не үшін керек?*<br>*- Ауаның түсі қандай?*<br>*- Қолмен ұстауға болама, оны көреміз бе*<br>*Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеміздегі гүлдер де ауадағы шаңды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады.*<br>***1-тәжірбие:*** *Әр баланың қолына айна беріледі.Балалар айнаға үрлеп, ауаның* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***белгілерімен таныстыру.*** | | ***«Мен үйдемін» көрініс*** ***Жүргізілу барысы:*** ***- Таңертең ертесімен анасы дәріханаға кетіп бара жатып, кішкентай қызына: «Сен үйде жалғыз қала тұр, есікті ешкімге ашпа, тентек болма»- деп тапсырады.*** | ***Қимылды ойын: №13. «Қоңырау қайдан естіледі?»*** ***Мақсаты:*** *Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.* | *бар екеніне көз жеткіеді* ***2-тәжірбие:*** *Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік.* *- ауасыз тыныс алуға бола ма?* *Міне ауа да өлі табиғат* *Балаларды мадқтау.* ***«Аспан әлемі» (Бағдарлама)*** |
| *Балалармен жеке жұмыс* | ***«Тыныштық сәті»*** ***Мақсаты:*** *Балаға релаксация, тыныштық сыйлау.* ***Жүргізу түрі:*** *Балалар көзін жұмып, әуен тыңдайды. Тәрбиеші табиғатты сипаттап айтады.* | ***«Сиқырлы қорап»*** ***Мақсаты:*** *Баланың қиялын дамыту.* ***Жүргізу түрі:*** *Қорапқа ойыншық салынып, «Бұл не болуы мүмкін?» деп жасырады. Бала болжау жасайды.* | ***«Жақсы қылық – жаман қылық»*** ***Мақсаты:*** *Мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.* ***Жүргізу түрі:*** *Суреттерді салыстырып, «Жақсы іс – ойыншық сыйлау, жаман іс – жылап тұрған досқа көмектеспеу».* | ***«Көңілді әуен»*** ***Мақсаты:*** *Музыка арқылы көңіл-күйді сезіну.* ***Жүргізу түрі:*** *Көңілді әуен қойылады, бала би қимылын жасайды. Баяу әуенде тынышталады.* | ***«Менің көңіл-күйім қандай?»*** ***Мақсаты:*** *Бала өз сезімін сурет арқылы білдіру.* ***Жүргізу түрі:*** *Қағазға смайлик салу (күліп тұрған, жылап тұрған). Баланың қайсысын таңдағанын сұрау.* |
| *Серуенге дайындық* | ***«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |
| *Серуен* | ***Картотека №11*** *Күнді бақылау.* | ***Картотека №17*** *«Күз көрінісін бақылау»* | ***Картотека №18*** *Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №19*** *Жаңбырды бақылау.* | ***Картотека №20*** *Жәндіктерді бақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| *Серуеннен оралу* | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | | |
| | ***Киімдерін шешу:*** *Балаларды киімдерін бір-біріне кедергі жасамай шешуге дағдыландыру.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын мұқият жууды қадағалау.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Суды үнемдеп қолдануды түсіндіру.* ***Түскі асқа дайындық:*** | ***Киімдерін шешу:*** *Балалар киімдерін ретімен шешіп, орындарына қояды.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабынмен жуу, сүлгісін қолдану.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде әдепті болу.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Тазалықтан кейін* | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін тәртіппен шешіп, шкафқа қоюға үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуу, сүлгісін таза ұстау.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамай, тыныштық сақтау.* | ***Киімдерін шешу:*** *Балаларды сырт киімдерін шешіп, бүктеп қоюға үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын жақсылап жууға, сабынды үнемдеуге үйрету.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде суды төкпеуге ескерту.* ***Түскі асқа дайындық:*** | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін ұқыптап шешіп, жинауға дағдыландыру.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын екі рет сабындап жуу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамай, әдепті жуыну.* ***Түскі асқа*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Балаларды таза қолмен ас ішуді үйрету.* | *асханаға отыру.* | ***Түскі асқа дайындық:*** *Қолдарын жуып болған соң асқа дайындалу.* | *Ас ішу алдында тәртіппен отыру.* | ***дайындық:*** *Ас алдында қолдарын тазалап, үстелге отыру.* |
| *Кешкі ас* | *Кезекшілердің жұмысы*<br>*Гигиеналық процедуралар «қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою.*<br>*Сабынмен қол жуамыз*<br>*Таза болды мұнтаздай*<br>*Тағамға қол созамыз*<br>*Балалардың назарын тағамға аудару* | | | | |
| *Балалардың дербес әрекеті* | *Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған әр түрлі балалар іс-әрекеті ойын түрінде жүзеге асырылады* | | | | |
| *Балалардың үйге қайтуы* | ***Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| | *Бүгін балалар құрастыру ойындарымен ойнады. Пішіндерді сәйкестендіріп, зейінін шоғырландырды. Үйде кубиктерден немесе конструктордан қарапайым заттар құрастыру пайдалы.* | *Бүгін балалар табиғат туралы әңгіме тыңдап, суреттерді қарады. Қоршаған ортаға қызығушылық білдірді. Үйде серуенде өсімдіктерді, құстарды көрсетіп, атауларын қайталаңыз.* | *Бүгін балалар ермексаздан әртүрлі пішіндер жасады. Ұсақ моторикасын дамытып, қиялын іске қосты. Үйде ермексазбен немесе қамырмен ойнауға жағдай жасаңыз.* | *Бүгін балалар жұмбақтар тыңдап, жауап беруге тырысты. Ойлау қабілетін дамытуға талпынды. Үйде жеңіл жұмбақтар қойып, балаңыздың жауабын күтіңіз.* | *Бүгін балалар қуыршақ театрын ойнады. Әртүрлі рөлге еніп, қиялдарын дамытты. Үйде қарапайым қуыршақтармен шағын сахна құру қызықты болады.* |

Тексерілді: [signature]

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Қыркүйек айының 3-аптасы**

***Топ:*** *«Балапан»*
***Балалардың жасы:*** *3 жас*
***Қандай кезеңге жасалды:*** *15.09 – 19.09.2025ж*
***Апта дәйексөзі: «Еңбекқорлық-адамның ең жақсы қасиеті»***

| ***Күн тәртібінің үлгісі*** | ***Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды қабылдау*** | ***Күй күмбірі – өнер мен қолөнерді қадірлеуге үйрету. «Көңіл ашар»*** | ***Күй күмбірі –баланы салт-дәстүрге жақындату, рухани қазынаны сезіндіру. «Сарыарқа»*** | ***Күй күмбірі – намыс пен жігерге тәрбиелеу. «Алатау»*** | ***Күй күмбірі –аланы ұлттық өнер арқылы тәрбиелеу, мәдениетке баулу. «Ерке «сылқым*** | ***Күй күмбірі – қазақы болмысты сақтауға үйрету. «Кішкентай»*** |
| | *Балаларды «Жылы сөз айтайық» ойынымен қарсы алу (әр балаға «сен әдемісің», «сен мейірімдісің» т.б.). Баланың көңіл-күйін жүрекшелер арқылы таңдауға мүмкіндік беру. Баланы үстел үсті ойыншықтарына бағыттау.* | *Баланы есік алдында шағын «Сәлемдесу биімен» қарсы алу. Баланың көңіл-күйін тексеру, жылы сөз айту. Баланы шағын топпен ойынға қосу.* | *Балаларды «Күн сәулесі» ойынымен қарсы алу (әр балаға қағаз күн сәулесін беру). Баланың көңіл-күйін анықтап, смайликтер тақтасынан таңдауды сұрау. Бала өзін еркін сезіну үшін жұмсақ ойыншықтар бұрышына жіберу.* | *Баланы «Қуанышты қадамдар» ойынымен қарсы алу (бірге секіріп кіру). Баланың көңіл-күйін әңгімелесу арқылы анықтау. Топтағы балалармен ортақ ойынды ұйымдастыру.* | *Баланы қол шапалақтау арқылы қарсы алу («Сәлем, сәлем, досым!»). Баланың көңіл-күйін сурет арқылы бейнелеуді сұрау. Баланы музыка бұрышына бағыттау (шағын аспаптарды ойнау).* |
| *Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды* | ***Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы, мінез –құлқы туралы кеңес беру.*** | | | | |
| | ***Әңгіме:*** | ***Әңгіме:*** *Қимыл-* | ***Әңгіме:*** | ***Әңгіме:*** *Қозғалыс* | ***Әңгіме:*** *Спорт пен* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру* | *Жаттығулар – баланың денесін шынықтырып, қимыл-қозғалысын жетілдіреді.* ***Кеңес:*** *Балаңызға таңертең жеңіл жаттығуларды күнделікті жасауға үйретіңіз.* | *қозғалыс ойындары баланың ептілігін, шапшаңдығын дамытады.* ***Кеңес:*** *«Секіртпе секіру», «Доп ойнау» сияқты қарапайым ойындарды балаңызға үйретіңіз.* | *Жаттығулар – баланы төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелейді.* ***Кеңес:*** *Балаңызға күн сайын 5–10 минут жаттығу жасауға үйретіңіз.* | *белсенділігі – бойдың дұрыс өсуіне және дене сымбатына әсер етеді.* ***Кеңес:*** *Балаңызға ашық ауада қимылды ойындар ойнауды үйретіңіз.* | *қимыл-қозғалыс – баланың көңіл-күйін көтеріп, сергек болуына көмектеседі.* ***Кеңес:*** *Балаңызға отбасымен бірге спорттық ойындарға қатысуды үйретіңіз.* |
| *Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, экспериментальдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)* | ***Картотека № 1*** ***Дид ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы»*** ***Мақсаты:*** *балаларды әр түрлі мамандықпен танысады. Еңбекті құрметтеуді түсінеді.* | ***Картотека №2*** ***Дид ойын: «Өзім және отбасым»*** ***Мақсаты:*** *Отбасында-ғы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.* | ***Картотека № 3*** ***Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»*** ***Мақсаты:*** *Суреттегі сәйкессіздікті таба біледі.* | ***Картотека № 7*** ***Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»*** ***Мақсаты:*** *балалардың табиғатты қорғау, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдылары дамиды.* | ***Картотека № 6*** ***Дид ойын: «Кімге не керек»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта біледі.* |
| | ***Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| *Ертеңгілік жаттығу* | *Қыркүйек айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қыркүйек айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қыркүйек айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қыркүйек айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қыркүйек айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| *Таңғы ас* | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Тәртіпті бала ас* | ***Әңгіме:*** *– Жеміс-жидек пен* | ***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде өзімізге* | ***Әңгіме:*** *– Ыдысты дұрыс* | ***Әңгіме:*** *– Ас ішкен бала күшті,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ішіп отырғанда шуламайды, бәріне үлгі болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты үстелге қатты қоймаймыз, сындырып алмау үшін.* | *көкөністе дәрумендер бар. Олар бізді ауырмай, сау жүруге көмектеседі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Жемісті асықпай, майдалап шайнаймыз.* | *жететіндей ғана алайық. Артық алып, қалдырып қою – ысырап.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде асықпай шайнаймыз, асығып жеген дұрыс емес.* | *ұстасақ, тамақ төгілмейді. Ыдысқа асымызды абайлап саламыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты ойыншық қылмаймыз, қолымыздан түсіріп алмау үшін дұрыс ұстаймыз.* | *сергек болады. Ас – денсаулықтың қайнары.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық асқа үрлеп ішеміз, күйіп қалмау үшін.* |
